

# Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

## №2 хаттама

**Күні: 20.01.2026ж.**

**Қатысқаны: 17 адам**

**Күн тәртібінде:**

1. Ата-анамен әдепті қарым-қатынас: сенім мен сыйластық негізінде
2. Әдеп бұзушылықтардың алдын алу. Жағдаяттық талдау

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Ж.Бекенова өз сөзінде ата-анамен қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі шешуші рөлін атап өтті. Педагог пен ата-ана арасындағы сенім мен сыйластықтың өзара ынтымақтастықтың негізі екендігі айтылды.

Ата-анамен байланыс орнатуда педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, сыпайы сөйлеу мәдениеті, тыңдай білу, ата-ананың пікірін құрметтеу және кәсіби сабырлылық таныту қажеттілігіне ерекше тоқталды.

Сонымен қатар, ата-анамен қарым-қатынаста жиі кездесетін қиын жағдайлар мен оларды әдепті түрде шешу жолдарына нақты мысалдар келтірілді.

**Сөз сөйлегендер:**

Косанова Г.С.: Ата-анамен сенімді қарым-қатынас орнату үшін ашық диалог пен жүйелі кері байланыстың маңызын атап өтті. Ата-ананы тәрбие процесінің серіктесі ретінде қабылдау қажеттігін айтты.

Базарғалиева А.К.: Өз тәжірибесінен мысал келтіре отырып, қиын ата-аналармен жұмыс барысында сабырлылық пен педагогикалық тактіні сақтаудың тиімділігін атап өтті.

Жубатова А.У.: Ата-анамен қарым-қатынаста әдеп сақталмаған жағдайда туындайтын келеңсіз жағдайларға тоқталып, олардың алдын алу жолдары туралы пікір білдірді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Б.Досова сөз алды. Педагогикалық қызмет барысында кездесетін әдеп бұзушылықтардың негізгі түрлеріне тоқталды. Ата-анамен, балалармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдеп нормаларын бұзуға әкелетін себептер талданды.

Жағдаяттық тапсырмалар арқылы эмоциялық тұрақтылықты сақтау, құпиялылық қағидаларын ұстану, сын айту мен қабылдауда педагогикалық тактінің маңыздылығы көрсетілді.

Әдеп бұзушылықтардың алдын алу – педагогтың кәсіби мәдениеті мен өзін-өзі бақылауына тікелей байланысты екендігі атап өтілді.

Сөйлеушілер: Бурханова Р.Х.: Жағдаяттық талдаудың педагогтардың кәсіби тәжірибесін арттырудағы тиімді әдіс екенін атап өтті.

Шамшина Н.М.: Әдеп бұзушылықтардың алдын алу үшін педагогтарға тұрақты әдістемелік қолдау қажет екенін айтты.

Наурзалиева А.А.: Әдеп нормаларын сақтау бойынша ішкі бақылаудың маңыздылығына тоқталды.

**Кеңестің шешімі:**

1. Педагогтардың ата-анамен қарым-қатынасында сенім мен сыйластыққа негізделген педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ата-анамен өзара ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Әдеп бұзушылықтардың алдын алу мақсатында педагогтардың кәсіби қызметінде жағдаяттық талдауды тұрақты қолдану және педагогикалық әдеп талаптарының сақталуын бақылау күшейтілсін.

Кеңес төрағасы:  Г.Б.Уразалина

Кеңес хатшысы:  Г.С.Косанова